



«Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы фото, бейнесюжеттер республикалық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы фото, бейнесюжеттер республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3 **Мақсаты:** жазғы кезеңде балалардың демалысын, сауықтырылуын және іс-әрекетпен қамтылуын ұйымдастыру барысында үлгілік оқу бағдарламаларын тәжірибеде іске асыру үшін мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс тәжірибесін анықтау және оңтайлы жағдайлар жасау.

1.4. Міндеттері:

- балалардың демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыру саласындағы іс-әрекеттің оң тәжірибесін анықтау және тарату;
- балалардың демалысын, сауықтырылуын және іс-әрекетпен қамтылуын ұйымдастыру бойынша мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің түрлері мен мазмұнын жетілдіру;
- педагогикалық ұжымдарды жазғы сауықтыру кезеңінде іс-шараларды ұйымдастырудың креативті түрлерін қолдануға ынталандыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары.

2.2. Байқауға мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен тәрбиеленушілері қатысады, ата-аналар (заңды өкілдері) қатысуы да мүмкін.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) деңгейі;

II кезең - облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) деңгейі;

III кезең – республикалық деңгейі.

2.4. Өңірлерде байқау өткізу туралы хабарландыруды Облыстық және Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім бөлімдері

(аудандық, қалалық), білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 11 адам) деңгейінде өңірлік комиссия құрылады.

2.6. Өңірлік комиссия аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйым басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. қатарынан құрылады.

2.7. Өңірлік комиссия байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді және бағалайды.

2.8. Комиссиясы мүшелері келесі құқықтарға ие:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындарды бермеу;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау.

2.9. Байқаудың I кезеңіне қатысу үшін қатысушы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді (байқаудың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға II кезеңге қатысуға жол беріледі; II кезеңнің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға III кезеңге қатысуға жол беріледі), электрондық форматта мынадай құжаттар (материалдар) қоса беріледі:

- 1) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы);
- 2) аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының **Өңірлік комиссиясының хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);
- 3) мазмұны осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бейнероликті рәсімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерилеріне сай жазғы кезеңде балаларды сауықтыру және шынықтыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудан тұратын **бейнесюжет**.
- 4) III турда облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының **ілеспе хатының** болуы міндетті.

2.10. Байқаудың II және III кезеңдеріне жүлдегерлер, 1 және 2 орын иегерлері (4 жеңімпаздан артық емес) жіберіледі.

3. Байқауға ұсынылатын бейнесюжетке қойылатын талаптар

3.1. Ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнесюжет қаралмайды.

3.2. Бейнелер YouTube бейне платформасына жүктеледі, өтінімде сілтеме орналастырылады.

3.3. Бейнесюжеттің мазмұны жазғы кезеңде балаларды сауықтыру және шынықтыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, жазғы мерекелер мен

ойын-сауықтарды, серуендерді, балалар шығармашылығы көрмелерін және отбасылық байқауларды ұйымдастыру, сондай-ақ іс-шараларды өткізудің креативті нысандарын таңдауы тиіс.

3.4. Материалдар «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы фото, бейнесюжеттер республикалық байқауының атауымен 2023 жылдың «29» мамырынан кешіктірілмей i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

4. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

4.1. «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы фото, бейнесюжеттер байқауының республикалық кезеңінің қорытындысы бойынша мынадай жүлделі орындар белгіленеді:

- I орын;
- II орын;
- III орын.

4.2. Жеңімпаздар Институттың дипломдармен және алғыс хаттарымен марапатталады.

4.3. Байқау қорытындысы мен жеңімпаздардың материалдары Институттың <http://irrd.kz> сайтында жарияланатын болады және әлеуметтік желілер парақшаларына орналастырылады.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 28-09-50

_____ облысы бойынша
«Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру
туралы фото, бейнесюжеттер республикалық байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ

| | |
|---|--|
| Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес) | |
| Педагогтің аты-жөні, тегі | |
| Топ атауы, балалардың жасы | |
| Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру және қатайту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру барысы туралы бейнематериал орналастырылған YouTube платформасындағы бейненің сілтемесі | |

Бейнесюжетті рәсімдеуге қойылатын талаптар және бағалау критерийлері (5 ұпай)

Бейнесюжетті рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Байқау тақырыбына сәйкес келетін кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген (жасалған) бейнесюжеттер ұсынылады.

Қатысушылар бейнесюжет жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, бейнеклип, мультфильм және т.б.).

Сюжетте фотосуреттерді қолдануға болады.

Бейнесюжетке қойылатын талаптар:

Бейне форматы: AVI, MOV, MPEG, MP4.

Бейненің минималды ажыратымдылығы-720 x 480 (12:8 см).

Бейне сюжеттің ұзақтығы – 1 минутқа дейін.

Бейнесюжеттің мазмұнында:

- балаларды сауықтыру және шынықтыру үшін жағдай жасау;
- қозғалыс қызметін ұтымды ұйымдастыру;
- тиімді шынығу жүйесі;
- емдеу-сауықтыру жұмысы;
- гигиеналық шаралар кешені;
- шығармашылық жаңашылдығы;
- өзіндік ерекшелігі;
- дыбыстық сүйемелдеудің, бейне эффектілердің болуы керек.

Бейнесюжеттерді бағалау критерийлері:

- байқаудың берілген тақырыбына мазмұнының сәйкестігі;
- тақырыпты ашудың толықтығы, мазмұны;
- бейне түсіру сапасы;
- фотосуреттердің сапасы;
- бірізділік пен өзіндік ерекшелігі;
- креативтілік, шығармашылық және дербес ойлаудың көрінісі;
- бейнесюжетті рәсімдеуге қойылатын талаптарды сақтау;
- дыбыстың сапасы.